

Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативтін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 2 маусымдағы № 247 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 2 шілдеде № 4903 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 47 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 16.02.2015 № 47 қаулысымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 140-бабының 2-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативі белгіленсін.

2. Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды басқару органдарына жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде "Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне алдағы үш жылдық кезеңге арналған облыстық бюджетке аударылуы тиіс таза табыстың бір бөлігінің болжамды сомаларын, сондай-ақ есепті жылы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың облыстық бюджетке аударған таза табысының мөлшерін берсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Е. И. Аманға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ

"Қостанай облысы әкімдігінің
қаржы басқармасы" ММ басшысы
С. Аймухамбетова

"Қостанай облысы әкімдігінің
экономика және бюджеттік
жоспарлау басқармасы"
М М б а с ш ы с ы

Г. Кисленкова

**Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың
таза табысының бір бөлігін аудару нормативі**

1. Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін облыстық бюджетке аудару нормативі былайша айқындалады:

Таза табыс 3 000 000 теңгеге дейін	таза табыс сомасынан 5 пайыз
Таза табыс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін	150 000 теңге + 3 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 10 пайыз
Таза табыс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін	4 850 000 теңге + 50 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 15 пайыз
Таза табыс 250 000 001 теңгеден 500 000 000 теңгеге дейін	34 850 000 теңге + 250 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 25 пайыз
Таза табыс 500 000 001 теңгеден 1 000 000 000 теңгеге дейін	97 350 000 теңге + 500 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 30 пайыз
Таза табыс 1 000 000 001 теңге және одан жоғары	247 350 000 теңге + 1 000 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 50 пайыз

2. Денсаулық сақтау саласында қызметін жүзеге асыратын облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар үшін аудару нормативі 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді.